

ӘОЖ 37.01 (075)

К.Ә. Исаева

Сырдария университеті, Қазақстан Республикасы, Жетісай қ.

E-mail: kulaina.isaeva@mail.ru

Тәрбиесі қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері мен олардың пайда болу себептері

«Жас бала – жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ»

М. Жұмабаев

«Қиын» балалармен тәрбие жұмысын жүргізгенде педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, олардың бейім қабілетіне, мінез-құлқына сай оңды шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, моральдық тұрғыдан әсерлі әрекет ету, баланың бағдарын, мақсаты мен міндетін қайта құру, психологиялық түзету мақсатындағы бағыт-бағдар беру жоспары ұсынылады.

Түйін сөздер: қиын балалар, отбасылық тәрбие процесі, моральдық ықпал ету әдістері.

К.А. Isaeva

Psychological features of children with difficult education and the reasons and features of their emergence

In this article is considered psychological features of “difficult” children and the reasons of their occurrence are found out. Including, the analyses of psychological features of difficult children in works the scientist are carried out. The researches above each difficult child are carried out, and the features of their character are revealed and the human qualities of children are assembled. The features of the persons and way

Keywords: difficult children, process of family education, methods of moral influence. of development of their creative opportunities, abilities are considered.

К.А. Исаева

Психологические особенности детей с трудным воспитанием и причины и особенности их возникновения

В статье рассматриваются психологические особенности «трудных» детей и выясняются причины их возникновения. В том числе проведены анализы психологических особенностей трудных детей на основе исследовательских работ ученых. Проведены исследования над каждым трудным ребенком и выявлены особенности их характера и человеческих качеств.

Ключевые слова: трудные дети, процесс семейного воспитания, методы морального воздействия.

«Қиын» оқушыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңда психикалық қиын проблема ретінде күн тәртібінен түспей отырғаны мәлім. Мұның өзі «қиын оқушылар» санының жылдан-жылға өсіп отыруымен байланысты болып табылады. Бұл уақыттарда «қиын оқушыларға» көбінесе жас өспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы категорияға жататындар да аз емес. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан бастапқы кезеңінен бастап, олардың саналы білім мен

сапалы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. Қазіргі кезде бастауыш сатыда оқушының жалпы және психологиялық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, бұрынғыша пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылып отырғаны белгілі болып отыр. Мектептегі шәкірттеріміздің бойында халқымыз ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан имандылық,

инабаттылық, мейірімділік, кіші пейілділік, ата-мекеніне, еліне сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу заман талабынан туындап отырған мәселе. Сондықтан оқушылардың ішіндегі ерекше категория болып табылатын «қиын оқушыларға» адамгершілік тәрбие берудің формулаларын әдіс-тәсілдерін жетілдіру аса қажет, бұл міндеттерді жүзеге асырудың бастауыш буыннан басталатыны белгілі. Табиғат пен қоғам құбылыстарына қиындық тұрғысынан қарау адам өмірінің негізі болып табылады. Қиындық қатынас адам мен қоғам өмірінде жалпы ортақ және мәңгілік фактор болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде құндылық түсінігіне әртүрлі анықтамалар берілді. Адамгершілігі мол адам бақытты, ел жұртына қадірлі, қоғамға да пайда келтіреді. Яғни маңайындағыларға үлгі-өнеге бола алады. Сондықтан «қиын оқушыларды» жас кезінен адамгершілік қасиеттерге баулу олардың келешекте азамат болып қалыптасуына кепілдік береді. Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері: а) адамгершілік сананы қалыптастыру; ә) адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту; б) адамгершілік мінез құлық біліктілігі мен әдеттерін қалыптастыру. Бастауыш сыныпта «қиын оқушыларды» адамгершілікке тәрбиелеу, ең алдымен, оқыту процесінде жүргізіледі. Баланың адамгершілік қасиеті сабақ үстінде, мұғаліммен және құрбы-құрдастарымен ұдайы қарым-қатынасында қалыптасады. Халық адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» іспеттес мақал-мәтелдер соның айқыны. «Қиын» оқушыларда адамгершілік қатынасты қалыптастыру бағытында ұйымдастырылатын тәрбиелік істерге адам санасының адамдық мәдениетінің бір бөлігі мораль туралы түсінікті қалыптастыру соның негізінде оқушыларда адамгершілік ой-пікірлер мен сенімдерді тәрбиелеу жатады. Осы бағытта этнопедагогикалық құралдарын пайдалану арқылы «қиын оқушылармен» ұйымдастырылатын жұмыс жоспарын білуге болады. Тәрбиелік істерді ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық талаптар: «қиын оқушыларға» адамгершілік тәрбие беруде халық педагогикасы құндылықтарының алатын орны және атқаратын ролін сапалы олардың білімділік дамытушылық және танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру, тәрбиелік іс-әрекетте қолдану аясын

көрсету. Ғылым педагогикалық, психологиялық фольклорлық құндылықтардың алатын орнымен озат мұғалімдердің іс-тәжірибесін жинақтау, талдау ауыз әдебиетімен оқып үйрену, баланың адамгершілік саналарының қалыптасуына ықпал жасайтынын көруге мүмкіндік береді.

Мектептердегі қиын балалардың жылдан-жылға көбеюі, олардың жағымсыз іс-әрекеттері жалпы ұстаздар қауымын, педагог-психологтарды еріксіз ойландырып жүргенінің куәсі болып жүрміз. Тәлім-тәрбиеге, әлеуметтік педагогикаға және психологияға арналған баспасөз беттеріне үңілсек мектептегі қиын балалардың қылмыс жасау фактілерін, темекі шегу, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану, нашақорлық бұрынғыға қарағанда біршама көбейгендігін аңғарамыз. Балалар мұндай әрекеттерге ұстаздар мен ата-аналар, ересектердің күнделікті бақылауынан шет қалған кезде жиі қол ұратыны белгілі.

Шындығында да қай заманда болмасын бала тәрбиесі, оның жеке тұлға ретінде дұрыс қалыптасуы ата-анаға тікелей байланысты екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Осыған байланысты дана халқымыздың «Бала ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөзі бекер айтылмаса керек[1].

Демек әр отбасы бірінші кезекте осы мәселеге көп көңіл бөліп, қорытынды шығара білсе, қазіргі күнде қоғамдық проблемаға айналған қиын балалардың саны күрт төмендейтініне күмән жоқ. Бұл проблемаларды болдырмау, алдын алу үшін, ең алдымен, оқушымен күнделікті жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет деп білу керек. Мектепте болсын, үйде болсын оқушыға түрлі тапсырмалар беріп, оны орындау барысын қадағалап тұрса, баланың басқа жағымсыз іс-әрекеттер жасауына уақыты жете бермейді. Мұнан шығатын қорытынды баланы үнемі бақылауда ұстап, мінез-құлқына жетік көңіл бөліп отырса, мұндай жағдайлардың көрініс табуы төмендегідей нәтиже береді. Қазіргі қоғамда өкінішке орай, мәселенің бұл жағы ақсап жатады да, көше кезген бұзық балалардың көбеюіне алып келеді.

Рухани байлықтан материалды байлықтың жоғары тұрған қазіргі нарық заманында көп жағдайда ата-аналардың өз балаларына көбірек көңіл бөлуге уақыты мен мүмкіндіктері бола бермейді де, бар жауапкершілікті мектеп, ұстаздарына жүктей салады. Міне, мектептегі қиын балалардың саны осындай жауапсыздықтан арта түсуде. Себебі бүгінгі көпшілік ата-ананың

ұғымы бойынша, баласының қарны тоқ, көйлегі көк болса деуі нәтижесінде, білімге, тәрбиеге назар аудармау белең алып барады. Сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына кері әсерін тигізетін тағы бір жайт баланың әкесі мен шешесінің көзқарасы бір-бірімен сәйкес келмеуі. Соның кесірінен бала ата-анасының біреуінің ғана тәрбиесін көріп, яғни толық емес отбасында тәрбиеленеді. Мұндай отбасыларда сотқар балалардың тәрбиеленіп шығуы қазіргі таңда үйреншікті жайға айналғандай. Бұл жағын таратып айтпаса да түсінікті. Себебі отбасындағы ата-ананың толық болмауы бала тәрбиесіне айтарлықтай зиянын келтіреді. Мәселен, ұл бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше деген секілді. Біздің анықтауымызша, ата-анасының мейірімін көрмеген бала көбінесе мейірімсіз, ызалы, құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды, кейде тұйық, шектен тыс ұялшақ болады. Ал ата-анасының шектен тыс мейірімінде өскен бала өзімішкіл нәзік, тым төзімсіз, екі жүзді болуы мүмкін, яғни отбасы тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды.

Бала тәрбиесінде аса мұқияттылықпен мән беретін жайттардың бірі – баланың шектен тыс ерке немесе шолжаң болып кетпеуін қадағалау. Ерке өскен бала әдетте ешкімді тыңдағысы келмейді де, түрлі қиындықтарға тап болады. Өзінше шешім қабылдай алмай, түрлі қылмыстар жасауы әбден мүмкін. Көп жағдайда төбелесуге бір табан жақын тұратын сотқар бала осылардан шығады. Сонымен қатар шылым, алкогольдік ішімдіктерге әуестенгіш болып келеді. Мадақтау мен мәпелеуде өскен бала ешқандай күш жұмсамай көзге түскісі келіп тұрады. Олар өздігінен ештеңеге қол жеткізе алмайды. Үлкендердің эмоциялық қақпайлауы салдарынан кінәмшілдік сезімдері қалыптасады. Сонымен қатар осыған қарама-қарсы болып келетін енжар балалар да мектеп қабырғасында бүгінгі күндері көптеп кездесіп жүр. Енжар балалар, әдетте, ынтасыздық, алаңғасарлық сияқты бала бойындағы түрлі қасиеттер негізінде пайда болады да, өзін қоршаған ортадағы адамдардан аулақ ұстауға дағдыланады. Әрбір ата-ана отбасы тәрбиесі бала дүниеге келген күннен басталады деген қағиданы ұмыт қалдырмағандары абзал. Қазақта бесік жыры, ана әлдиін естіп өспеген бала халық дәстүрінде тәрбиеленбеген деген ұғым қалыптасқан. Ал осы бесік жыры, ана әлдиімен өскен бала туған халқын, тілін,

дінін, құрметтейтін мейірімді де тәрбиелі азамат болып өсетініне ешкім де дау тудырмаса керек. Яғни ұлттық салт-дәстүрімізді бала тәрбиелеуде отбасылық тәрбиенің негізгі құралына айналдыруымыз ләзім. Айталық ата-бабаларымыз бала тәрбиелеуде мақал-мәтелдерді, жұмбақ, айтыс, жыр-дастандарды қолдану арқылы ұлттарымызбен елдігімізді биіктете түсті. Осы бағытта тәрбиелеу қазіргі кезде әрбір қазақ отбасы үшін ауадай қажет секілді. Себебі көзін ашқаннан батыстың атыс-шабыс, түрлі бейәдеп бейнефильмдерін көріп өскен қазіргі ұрпақта, аяушылық сезім мен мейірім деген қасиеттер жоғалып бара жатқан тәрізді. Жоғарыда атап өткеніміздей ұлттық тәрбиенің аз болуынан да қиын оқушылардың қатары молая түсіп жатқандай. Сондықтан да ұлттық рухпен тәрбиелеу бүгінгі заман талабы үшін аса қажет.

Ал енді бала тәрбиесіндегі ұстаздардың рөліне тоқталар болсақ, мұндайда мұғалім ең алдымен оқушы психологиясына тереңірек үңілгені жөн. Яғни мұғалім ұстаздықпен қатар психологиялық әдісті қатар алып жүруі абзал. Сонымен бірге мұғалім әрқашан да өтетін сабағына үлкен дайындықпен келуге міндетті. Бұл сөзімізді ұлы педагог В.А. Ушинскийдің «Қырық бес жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минуттық сабаққа дайындықсыз кірме» деген сөзі шегелей түседі [2]. Ғалымдар мен педагогтар мұғалім мен балалардың арасындағы қарым-қатынаста, оқушылар өте байқампаз болып келетінін алға тартады. Бұл құбылысты біз күнделікті өмірде көп кездестіріп жүрміз. Егер бала сыныпта мұғалімнің басқаларға қарағанда өзіне жақын тартатын оқушы бар екенін байқаса, онда мұғалімнің оқушы алдында беделі жоғалады. Алғашқы кезде оқушылар мұғалімнің айтқанымен жүреді, яғни мұғалімнің айтқаны олар үшін заң. Егер де мұғалім оқушылардың бәріне бірдей көзқараста болмаса, баланың мұғалімге деген оң пікірі бұзыла бастайды. Ал мұғалімнің өзгелерден өзіне жақын тартатын оқушысы басқалардан өзін жоғары ұстайды да, соның нәтижесінде «сөзтасығыш» балалар пайда болады.

Тәрбие процесін басқару өте қиын, ол еш уақытта бірқалыпты жағдайда өтпейді. Белгіленген мақсаттан ауытқып кетушілік болады. Өйткені педагогтар мен ата-аналар тарапынан баланың дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуында ағаттық, педагогикалық қателіктер жібереді.

Осының нәтижесінде тәрбиесі қиын балаларды байқауға болады. Педагогикалық тәрбиесі қиын балалар – бұлар оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар. Олар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Мұндай тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі – үйелмен тәрбиесіндегі кемшілік, яғни балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөрекілікті, өзімшілдікті туғызады.

Екінші себеп – бұл үйелмендегі сәтсіздік – маскүнемдік, ұрыс-төбелес, ұрлық, ата-аналардың және басқа үйелмен мүшелерінің жеңілтек мінез-құлқы, ал бәрінен жаманы ажырасу, неке бұзу. Үйелмен тәрбиесінде ата-аналардың мінез-құлқы шешуші фактор.

Үшінші себеп – ұл балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Кейбір үйелмен баланың ішкі дүниесін, тілектерін ойларын, қайғысын, қоршаған ортаға қатынасын жете біле бермейді.

Тату үйелменде ата-аналар балалардың күнделікті өмірі мен іс-әрекеттеріне басшылық жасайды. Балалардың өздерінің қуанышын, қайғыларын, ойларын, уайымдарын бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай үйелмен балаларын халқының тамаша рухани және еңбек дәстүрлері рухында тәрбиелейді. Осылардың бәрі баланың ішкі дүниесінің қалыптасуына игі әсер етеді.

Төртінші себеп – бұл сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстарындағы олқылықтары мен кемшіліктері. Тәрбиесі қиын балалар жөнінде сынып жетекшілерінің іс-әрекеті көпшілік жағдайда кейбір жұмыстармен ғана шектеледі. Олар әңгіме, сынып және оқушылар жиналыстарында талқылау, оқушылардың ата-аналарын мектепке шақыру, олардың ата-аналары істейтін жеріне хабарлау, т.б.

Қазіргі кезде көптеген ұстаздарымыз, тәрбие саласында қиын балалар жайында әртүрлі пікірлер айтып жүр. Қиын бала дегеніміз – ол педагог-ғалымдардың ғылыми тұрғыдан дәлелдеуінше, табиғатында дұрыс жаратылған дені сау, қабілеті бар бала. Оның өзгелерден айырмашылығы отбасында және мектепте ойдағыдай жеке-дара педагогикалық тәрбиеге зәрулігінде ғана. Қиын баламен жұмыс істеудің

тәсілі мен жолдарын бірқатар мұғалімдер, әсіресе жас мұғалімдер жете біле бермейді, ал кейбіреулері балаға шын ниетімен жаны ашып, жүрегі ауырып қарамайды. Күнделікті сабақ оқыту процесінде, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында елеулі педагогикалық қателіктер жіберіп алады. Мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Жаман әдеттерді қалай үйренеді? Неге озбырлық жасауға бейім тұрады? – деген сұраулар әрбір ұстазды ойландырады. Ата-анасын, жүрген ортасын қосқанда, оның тәрбиесіне бірнеше адамның қатысы бары рас.

“Қиын” деп жүрген баланың мінез-құлқына, тұрмыс жағдайына зерттеу жүргізбей-ақ ұрысып, әртүрлі шаралар қолданып жатырмыз. Бірақ одан жақсы нәтижеге қол жеткізген емеспіз [3]. Мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуін іске асырмайынша оларды тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан бұл екеуін бір-бірінен бөлуге де, бір-біріне қарсы қоюға да болмайды. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбие, әдетте, өзін-өзі тәрбиелеуге түрткі болады, адамның өз күш-жігерін іске қосады. Өкінішке орай, тәрбиешілер әңгіме және пікірталас ұйымдастырып, экскурсиялар мен жорықтар өткізіп, ал оқушылардың оған жауап әрекет көрсетпейтіні, ал кейде, тіпті, тәрбиелеу әрекетіне қарсылық көрсеткені болады. Бұл тәрбиешілер осы шараларды әзірлеуге және өткізуге көп жағдайда оқушылардың өздерін тартпайтындығымен, олардың мүдделерін ескермейтіндіктерімен түсіндіріледі. Іш пыстыратын іс-тәрбие болып жарытпайтыны әуелден-ақ белгілі. Жақсы ұйымдастырылған тәрбие процесі өзін-өзі жетілдіруге деген талпынысты оятады, рухани байлықты игеруге деген құмарлықты тудырады, кемшіліктерге қарсы күресуге, осыларды жеңуге шабыттандырады.

Тәрбие, өзін-өзі тәрбиелеу бірлігін тәрбие процесінің бір заңдылығы ретінде қарастырған ләзім. Тәрбие өз мақсатына егер ол өзін-өзі тәрбиелеумен үйлескен, оған түрткі болған, тәрбие алушыларды өзін-өзі қолға алуға итермелеген жағдайда жетеді ғой. Өзін-өзі тәрбиелеу болса, тәрбиені толықтырады, толықтырып, бекемдей түседі. Ол жеке адамның белсенділігін күшейтеді, тәрбие процесінің тиімділігін арттырады. Демек, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеуді бір-біріне тәуелді емес, қатарлас жатқан процесс ретінде қарастыруға болмайды.

Өзін-өзі тәрбиелеуде олардың ынтасын

арттыратын бір нәрсе, өз құрбы-құрдастарының арасында оның лайықты орын алуға ұмтылуы болып табылады. Ол үшін оқушыларға өзін-өзі тәрбиелеудің, өз ортасында лайықты орын алу үшін өз тәртібін түзеп, білімін, дүниетанымын кеңейтудің қажеттігін түсіндіру қажет: “Оларға мінезіндегі лайықсыз кемшіліктерді жоюдың жолын көрсету керек. Біреуіне тез күйіп-пісуден, енді біріне, ұрыншақтық, ашушандығынан, үшіншісіне, әңгімеде жолдастарын тілімен түйреп, шымшылап тұратын әдетінен, төртіншісін, мақтаншақтықтан, кішіпейілділікке, жолдастарын сыйлай білуге кеңес беріп отыру керек” [4]. Өзін-өзі тәрбиелеу мен білім беру де негізгі факторлардың бірі қоғамдық пайдалы және көпшілік мәдени жұмыстар түрлі жарыстарға әзірлік пен қатынасудың барысында оқушы ізденіп, көп даярлықтан өтеді.

Мұндай үлгі-өнегенің орны бөлек. Мұғалім үшін осы жұмыстардың басы қасында болып, араласып, көрсетіп, үйретудің мәні зор. Оқушыларға мұғалім бойынан әділдікті, моральдық тазалықты, өнерге деген қабілеттілікті көзімен көріп, сондай болсам деп армандауы қажет. Сөйтіп, үйірмелерде, туристік сапарларда, өлкетану жұмыстарында, т.б. мұғалім оқушының үлгі-өнегесі ретінде көрінуі керек. Мұндайда ересек оқушылардың кішіпейілдігі, қысылғанда қол ұшын беруі, қоғамдық көпшілік еңбекке белсенділігі көмектеседі. Өзін-өзі тәрбиелеуде әңгімелесу, сұрақ-жауап, кейбір оқушылардың мінезіндегі кемшіліктерді әділ сынау да оларға әсер етеді. Қатынасып, тыңдап отырған басқа оқушыларға әсер етіп, оларды ойланып-толғануға, өз мінездерін көріп, жөндеуге әсер етеді. Оның психологиялық тегіктеріне келсек олар оқушыны ойландырады, өз кемшілігін көріп одан арылу үшін өз бетімен жұмыс істеуге, кемшіліктерін жоюға ұмтылдырады. Сондықтан мектепте өтетін әрбір жұмыстарға мұғалімдер ұжымы мән беріп оның сапаларын көтере түсу қажет.

Тәрбие жұмысын жоспарлау, тәрбиелеу қызметінің жалпы жүйесіндегі маңызды буын болып саналады. Ойластырып жоспарлау оны дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесін жүзеге асыруға көмектеседі. Жоспар тәрбие жұмысының барлық маңызды жақтарын ескеруге, басты және жетекші міндетті бөліп алуға жағдай жасайды. Жақсы жасалған жоспар педагогтың күнбе-күнгі

тәрбие жұмысына көмектеседі, оның жемісті болуына жағдай жасайды. Педагог жоспар жасағанда балалармен тәрбие жұмысының негізгі міндеттерін, мазмұнын, формалары мен әдістерін іріктеп алу үшін нысана болып табылатын құжаттарды пайдаланады. Олардың қатарына білім беру туралы заң, оқу бағдарламасы, оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны жатады. Мұғалім жоспар жасағанда еліміз үстіміздегі жылы атап өтетін маңызды оқиғаларды ескереді.

Оқушылармен жұмыс кезінде, балалардың әрқайсысының жеке басын қалыптастыру үстінде мұғалім орындайтын міндеттер өте көп, мұның өзі одан белгілі бір мерзімде тиісті негізгі міндеттерді келісіп алуды керек етеді. Мәселен, мұғалім бірінші сынып оқушыларымен жұмыстың алғашқы күндерінде бірден-бір басты міндеті, балаларды мектептегі, сыныптағы негізгі мінез-құлық ережелеріне үйрету, оларды осы ережелерді орындай білуге баулу, олардың бойында ережелерді тезірек және дұрыс игеруге деген ынта-ықылас тудыру міндетін шешуге күш салатын болады. Негізгі міндетті орындаған педагог енді келесі бір негізгі міндетті балалардың бойында өзінің сыныптастарын жақын білуге деген ынта тудырып, оларды өзара таныстыру арқылы сыныпта жолдастық қарым-қатынас жасау міндетін алға қояды.

Көп жағдайларда қиын бала туа пайда болмайды, жүре пайда болатын құбылыс екені белгілі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші қалың бұқара болып бұл іс қолға алынса оны дұрыс жолға қоюға болатыны сөзсіз.

Бұл үшін, ең алдымен, ұстаздар мен ата-аналар қауымы бір кісідей атсалысып, бірлескен түрде кіріссе нұр үстіне нұр болар еді. Осыған байланысты:

Қиын оқушылардың пайда болуына себептерін анықтаудың маңызы бірқатар факторларға байланысты екендігін ескеруге болады. 1. Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс-талас, дау-жанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата-ананың біреуінің болмауы, т.б. Жағдайлар себепті болады. Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың, әсіресе оқушылар тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден-бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі.

Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ-шарап ішу, дау-жанжал, ұрыс-керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланы киіндіру, тамақтандыру, мұң-мұқтажын қамтамасыз етуі деп санаушылық. Жастайынан еңбектену әдет-дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып етуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата-аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс-керіс, дау-жанжал), бірін-бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян.

Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1. Әрбір қиын баланы жан-жақты зерттеп, мінез-құлықтарының бағыт-бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.

2. Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты,

ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3. Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап-тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4. Кейбір қиын оқушылардың оқу-тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым-қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою.

Қиын оқушылармен жұмыс

Қиын оқушылармен психолог жұмысының бағыт-бағдары.

Психологиялық түзету жолындағы бағыты.

Мақсаты: жасөспірімдердің өзіндік анықтауын қалыптастыру, өзіне баға беру, өз ерекшелігін білу, өз мүмкіндіктерін анықтау, жалпы талдау жасауды меңгеру.

Міндеті:

– оқушыларды өзіндік диагностикаға үйрету, рефлексияға үйрету;

– өз мінез-құлқының реакциясын, қатынасын, қажеттілігін түсіндіру;

– өз кемшіліктері мен қателіктерін жете түсінуді қалыптастыру.

№	Атқарылған жұмыстар	Формасы
1	Ата-аналармен психологиялық таным жұмыстарын ұйымдастыру	а. Диагностикалық бағыттағы сауалнамалар. б. Психолог ағарту, дамыту жұмыстары
2	Әлеуметтік бағыт-бағдар: ұғымдары	а. Тренинг – сабақ. б. Психолог әдістеме
3	Жеке тұлғалық жұмыс: Оқушының жан-жақты жағымды (+), жағымсыз (-) жақтарын анықтау, жағымсыз жақтарын түзетуге бет бұрыс жасау, мақсаты мен міндетін қайта құру	а. Жаттығулар «мен бейнесін анықтау» бағытында. б. Психолог консультация.
4	Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру: Шығармашылық әрекеттер, моральдық жағымды ықпал ету жұмыстары	а. Пәндік үйірмелер б. Спорттық үйірмелер
5	Қортындысы: бала өзін-өзі анықтау жолындағы бағытты таңдайды. Бос уақытын тиімді пайдаланады.	

Әдебиеттер

- 1 Халитова І. Әлеуметтік педагогика. – Алматы: Білім, 2007. – 57 б.
- 2 Байжанова А. Қиын балалардың психологиялық себептері // Психология, социология, дефектология». – 2006. – №11-12. – 25 б.
- 3 Медетова А. Тәртібі қиын балалармен қарым-қатынас // Мектептегі психология. – 2012. – №5. – 32 б.
- 4 Керімов Л.К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу. – Алматы, 1991. – 45 б.

References

- 1 Khalitova. I. Social pedagogics. – Almaty: Knowledge, 2007. – 57 p.
- 2 Baijanova. A. The psychological reasons of difficult children // Psychology, sociology, defect knowledge. Magazine 2006. – №11-12. – 25 p.
- 3 Medetova. A. Mutual relation with difficult children // Psychology at school. A magazine. – 2012. – №5. – 32 p.
- 4 Kerimov. L. K. Difficult children and them reeducation. – Almaty, 1991. – 45 p.